

"Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 557 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 39, 563-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережеде:

3-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) бірлескен нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте "Антитеррор" ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының құрамына кіретін мемлекеттік органдардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жөнінде шаралар тұжырымдау;"

5-тармақ екінші бөлімінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының шешімдерін орындау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы қызметі Терроризмге қарсы орталығы штабының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының штабы) баяндамасын тыңдайды;"

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Лауазымдары бойынша Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының мүшелері мыналар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы;
- 2) Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры;
- 3) Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі;
- 4) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі;
- 5) Қазақстан Республикасының Әділет министрі;
- 6) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі;
- 7) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;
- 8) Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі;
- 9) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі;
- 10) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі;

- 11) Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;
- 12) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;
- 13) Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі;
- 14) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі;
- 15) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі;
- 16) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі;
- 17) Қазақстан Республикасының Энергетика министрі;
- 18) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары (Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы басшысының орынбасары).

"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК